

WABTEC ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН АҚПАРАТТЫҚ ЖАҒАЛЫҚТАР

SAME TRACK



ҮЗДІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

Жетістікке жету жолындағы дайындық

АЛДЫҒЫ ҚАТАРДА

Бір бағытқа қарау

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК

Тыңдай білу қабілеті

МЕНЕДЖЕРЛЕР ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛІ

Екі жақты байланыс

Байланыс мәселелері
2025 жылғы 1-тоқсан



Бір бағытқа қарау

Эвандро Мессиас пен оның менеджерлері жақсы тиімділік және қызметкерлер мен басшы арасындағы қарым-қатынас туралы талқылайды.

Байланыс – бұл екі жақты қарым-қатынас. Менеджерлер мен қызметкерлердің екі жақты бір-бірімен тиімді байланыс жасауын талап ететін ерекше қарым-қатынас. Бұл жағдайда Contagem-дегі өндірісті басқару басшысы Эвандрот Мессиас және оның менеджерлері Нелиос Дутра мен Сара Агиар, екеуі де дайындау цехының супервайзоры ашық және нақты түрде байланыс арналарының/жолдарының құндылығын талқылайды.

Байланысқа қосыламыз

Эвандро мен екі менеджері үшін де мықты байланыс айқын басымдық болып табылады. «Қарапайым тілмен айтқанда, жақсы қарым-қатынас бізге тиімді шешім қабылдау үшін көмектеседі», - дейді Эвандро. «Ал екінші жағынан, командамен тиімсіз қарым-қатынас нашар ортаға және жұмысты қайтадан атқару мәселелеріне әкелуі мүмкін».

Эвандро барлығына – басшыларға да, қызметкерлерге де – өндірістегі қарым-қатынастың әртүрлі тәсіл бағыттары туралы ойлану маңызды деп санайды. «Жұмыс орнындағы барлық коммуникация - бұл вербалды емес болса да, ақпарат алмасу», - дейді ол. "Сондықтан сенімді қарым-қатынас орнатыңыз және ашық болыңыз. Бір-біріңізді белсенді тыңдаңыз, ал басышылар үшін қызметкерлеріңіздің күмәнді деп санаған жағдайларды, алаңдаушылығын және ұсыныстарын түсіну үшін көп жұмыс жасаңыз."

Балансты табу

«Барлық топ мүшелерінің атқаратын жұмыс мақсаттары, мерзімі және жауапкершіліктері бір-біріне сәйкес келуін қамтамасыз ету өте маңызды, бірақ бұл әрдайым оңай емес», - дейді Нелиос Дутра. «Бұл басшылардан бастау алады. Біздің байланыс арналарымыз ашық болуы керек, басқа басшылармен ынтымақтасу және командаларымыздағы адамдарды да солай істеуге ынталандыру керек».

Сара мен Нелиостың командасында байланыс басым болып табылады. «Аймақтар арасындағы тиімді байланыс шынымен де маңызды», - дейді Сара Агиар, дайындау цехының супервайзоры. Ол басқа салаларда да байланысты ашық орнатады, басқа басшылармен жұмыс істеуге және бір-бірімен тиісті ақпаратты бөлісуге көмектеседі.

Біріктіру

Эвандро командасының бәрі, басшылар да, қызметкерлер де қауіпсіз байланыс арналары барын білсе, өнімділігі жоғары болады. Эвандро басшыларға «Білім алуды, «Сұрақ қоюды жалғастыра беруді», «Өз қызметкерлеріңізді тыңдай білуді» ұсынады, осылайша сіз салауатты ортаны қалыптастырасыз және командалық қарым-қатынасты жеңілдетесіз. Нелиос пен Сара бұл пікірді қайталайды. Олар барлық топ мүшелерінің өз ойларын айта алатынын білгенін қалайды. Нелиос: «Мен ашық есікті ұстанамын және команда сұрақтарына ашық болуға тырысамын, бұл бейресми қарым-қатынасты ынталандырады», - дейді Нелиос. «Егер біз қызметкерлерге өз ойларын айтуға және мәселелерді талқылауға мүмкіндік берсек, қауіп-қатерлер мен қауіпсіздік мәселелері айтарлықтай төмендейді».



Evandro Messias

**Эвандро
Мессиас**

Дайындау цехының
басшысы



Nelios Dutra

**Нелиос
Дутра**

Дайындау цехының
супервайзеры



Sarah Aguiar

**Сара
Агиар**

Дайындау цехының
супервайзеры

«Жұмыс орнындағы барлық коммуникация - бұл вербалды емес болса да, ақпарат алмасу».

— Evandro Messias

Тыңдай білу қабілеті

Джон Синглтон бізге байланыс пен тиімділікті оңтайландыру үшін өзі және оның командасы Эриде жасаған өзгерістер туралы көрсетуде.



John Singleton

Джон
Синглтон

Өндірісті басқару
жөніндегі вице-президенті

2025 жылы нарықтық қиындықтарға байланысты біз өндірістік тиімділік бұрынғыдан да маңызды болады деп күтеміз. Өткен жылы учаске жетекшісі ретінде Эри мекемесіне көшкеннен бері, Джон Синглтон, өндірісті басқару жөніндегі вице-президент, учаскедегі ынтымақтастық пен ашық коммуникацияға аса назар аудара отырып, учаскедегі жұмыс ырғағын жақсартты және ол осы жерде өзінің көзқарасымен бөлісті.

Джон

Джон Эриге көшкенге дейін Гроув-Ситиде Вабтекпен он жылдан астам жұмыс істеген, бірақ ол әлі де Эриге келіп, алдымен қызметкерлері тыңдауға назар аударады. «Локомотив әлемінде жұмыс атқарып, көп нәрсені үйренуге мәжбүр болдым, бірақ мен осында жұмыс істейтін өте жақсы адамдармен бірге болғанымна қуанамын», - дейді ол.

Джон бірнеше негізгі мақсаттарды алға қойды. Біз шынымен де өз шығындарымызды бақылай алу және басқармадағы қарым-қатынастарды жақсарту үшін жұмыс істеп жатырмыз», - дейді ол. «Ол үшін, мен, уақытты өндіріс алаңдарында өткізуге тырысамын, жұмысты нақты істеп жатқан адамдармен сөйлесіп, олардың нені өзгерткісі келетіні және жақсартуға қандай мүмкіндіктер бар екендігі туралы ойларына тікелей кері байланыс алуға тырысамын».

Джон үшін қызметкерлер біздің негізгі көрсеткіштерімізді басқаратыны анық, сондықтан олар өздері атқаратын мақсатты білуі керек. «Менің ойымша, кейде басшылар барлық қолда бар ақпаратты өз тобымен бөлісуден тартынуы мүмкін, бірақ бұл қате ой», - дейді ол. «Біз адамдарды жиі талқылауға тарту арқылы табысқа жеттік». Бейресми қарым-қатынастан басқа, Эри басшылығы өндірістегі қызметкерлерге қажетті ақпаратты алатынына көз жеткізу үшін бірнеше қосымша күнделікті кездесулер ұйымдастырды.

Концепцияны дәлелдеу

Жағымды жаңалық? Жақсы байланыс керемет нәтижелерге әкеледі. Ең жақсы мысалдардың бір – біздің NS локомотивтерімізді, сағаттық жұмыс күшінің көп болуының арқасында біз жұмыс сағаттарын бастапқы деңгейге қарағанда 25%-ға қысқарттық», - дейді Джон. «Өткен жылы біз Эри жұмыс күшінің Техастағы баламалы локомотивке қарағанда осы локомотивпен байланысты жұмыс уақыты көбірек екенін түсіндік. Сондықтан команда бұл сағаттарды қысқартуға тырысты, бірақ мен осыған қол жеткізгенімізге қуанамын».

Джон былай деп жалғастырды: «Мен адамдарға қол жеткізгісі келетін нәрселер туралы ақпаратпен қамтамасыз етуге тырысамын, содан кейін адамдар әдетте жақсы жұмыс істейді және оған жетуге көмектесетін идеялар мен ұсыныстарды айтады».



«Мен адамдарды қол жеткізгісі келетін нәрселер туралы ақпаратпен қамтамасыз ете алатынымна сенемін».

Ең алдымен адамдарды алдыңғы мақсатқа қою

Бұл байланыс тәжірибелері тиімділікті арттырады, бірақ олар сонымен бірге қауіпсіздікке қатысты ең маңызды көрсеткіштерімізді жақсартады. «Өткен жылы біз назар аударуға тырысқан басқа нәрселердің бірі - ҚТЕЖҚОҚ мәселелері бойынша алаңдаушылықты хабарлауды жақсарту болды», - дейді Джон. «Біз адамдарымызға тәуекелдерді белсенді түрде анықтауға көмектесу үшін кейбір нәрселерді жасадық және біз 2024 жылы алаңдаушылық туралы есептерді екі еседен астамға көрдік, және менің ойымша, біз 2025 жылы тағы бір маңызды жақсарту жолындамыз».

«Қауіпсіздік жөніндегі сауалнамаға біз де үлкен үлес қостық», - дейді Джон. «Біз бірдей ашықтық мақсатында басқаша жасауға тырысқан нәрселердің бірі - сауалнамадағы барлық пікірлер мен сұрақтарды, сонымен қатар біздің зауыттарымыздың басшыларының әрқайсысының жауаптарын жариялау».

2025 жылға арналған жаңа белестер

Алға қарай жылжи отыра, Джон, жақсы қарым-қатынас арқылы ынтымақтастығымызды нығайта отырып, команданың не істей алатынына қуанады. «Біздің құнның бәсекеге қабілеттілігі - бұл Эридегі өндіріс алаңындағы үлкен қиындықтардың бірі. Біз тиімділік мақсаттарымыз біздің топ мүшелеріне анық көрінетініне және адамдар өздерінің ұсыныстарын жеткізуге мүмкіндіктерітер бар екенін сезіну.»

Сайып келгенде, Джон біз көп жағдайда бір ізді ұстай аламыз деп ойлайды және бұл кезде бәрі жеңеді. «Біздің жұмыс күшіміздің көпшілігі үшін бәріміз бірдей нәрсені қалаймыз, солай емес пе? Біз бәріміз Эридегі тұрақты жұмысты қалаймыз, біз Эри өндірісінің сәтті болғанын қалаймыз және біз өз тұтынушыларымыз үшін қолымыздан келген ең жақсы локомотивтер жасағымыз келеді, мұны уақытында жеткізу арқылы бәсекеге қабілетті, қауіпсіз түрде жасаймыз», - дейді ол.

Джон: «Егер біздің мүдделеріміз бір екенін мойындасақ, бірге жұмыс істеу оңай», - деп қорытындылайды.

Салыстырмалы ықпал

Қауіп туралы хабарлар есептілігі



Қызметкерлер қауіпсіздік мәселелері туралы хабарлағанда, біз бұл мәселелерді шеше аламыз және жарақаттардың алдын аламыз. Бірақ, егер қызметкерлер олардың мәселелерінің зерттелетініне сенбесе, олар бірінші кезекте бұл туралы хабарламайды. Байланыс пен сенімге аса назар аудара отырып, біз алаңдаушылықтың жыл сайын айтарлықтай өскенін байқадық.

254%

жылдан-жылға
жақсарту

2023 → 657

2024 → 1,641

Қауіпсіздік туралы сауалнама



Біз қызметкерлердің айтқандарын тыңдағымыз келеді. 2019 жылы Эридің соңғы қауіпсіздік сауалнамасына қызметкерлердің тек 46% қатысты. 2024 жылы қызметкерлердің 96 пайызы өз ойларымен бөлісті.

208%

жақсарту соңғы
сауалнамаға
қарсы

2019 → 46%

2024 → 96%

Шығындарды бақылау



Біз Erie-дегі өндіріс шығындарын азайту туралы айтқандықтан, біз тиімдірек жұмыс істей алдық. Біз егжей-тегжей және тиімділікке көбірек назар аудара отырып, NS локомотивтері үшін бастапқы сағаттарды 25% төмендеттік.

25%

шығындарды
азайту

Бастапқы → 2,703 сағат

Азайтылған → 684 сағат

Екі Жақты Байланыс

Дүние жүзіндегі менеджерлер мақсаттарына жету үшін өз командаларымен қарым-қатынасқа басымдық беретін кейбір әдістермен бөліседі.



Сіздің командаңызда нақты және ойластырылған қарым-қатынасты қамтамасыз етудің жолдары қандай?

Майкл: Басшылық рөлінде қарым-қатынас екі жақты болуы керек, қызметкерлерді тыңдау басшылық пен бағыт беру сияқты маңызды. Олардың бізге айтқандарына жауап берудің орнына тыңдау және түсінуге назар аудару өте маңызды. Сіз эмпат болуыңыз керек, өйткені олардың алаңдаушылығы дұрыс.

Дина: Егер қарым-қатынас тұрақты негізде жүзеге асса және ол ашық болса, қызметкерлер өздерінің басшыларымен және бір-бірін танып біліседі – сол арқылы сенімді қарым-қатынастар орнайды. Біз сондай-ақ қызметкерлерге қолдау мен сенім артуы үшін шекара құруды белгілейміз.

Маурисио: Кез келген уақытта мен бетпе-бет сөйлесуге тырысамын. Тимс немесе электрондық пошта арқылы бірдеңе айтқан кезде адамдар әрқашан бірдей хабарды/ақпаратты ала бермейді. Мен сондай-ақ адамдарға басқаша жеткізуді ұнатамын — оларға естігенімді айтамын және менің айтқаным дұрыс екеніне көз жеткіземін, ал егер олай болмаған жағдайда, біздегі ақпарат пен түсінігіміз бірдей екеніне көз жеткізу үшін олардан маған түсіндіруін сұраймын.



Michael Knapp

Майкл
Кнапп

ҚТЕЖҚОҚ (қауіпсіздік техникасы, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау) бөлімінің менеджері
Албиа, Айова



Dina Kurzhibayeva

Дина
Куржибаева

Техник
Қазақстан, Астана



Mauricio Oyervides

Маурисио
Ойервидес

Үнемді өндіріс менеджері
Мексика, Артеага



Басшылар өз команда қызметкерлерінен жақсы кері байланыс алғандығына қалай көз жеткізеді?

Майкл: Басшылық топ ретінде біз белсенді тыңдауды үйренуіміз керек. Бұл сұрақ қою, кері байланыс беру және бақылауды білдіреді. Кейде бізде болып жатқан әр түрлі нәрселер көп болып кетуі мүмкін, бірақ әрбір алаңдаушылық маңызды. Сондықтан да біз кері байланыс жасауымыз керек және егер біз мәселені шешсек немесе мәселені шешу үшін шаралар қолданатын болсақ, біз бұл мәселені көтерген қызметкерге хабарлауымыз керек, сонда олар оны байыпты қабылдайтынымызды біледі.

Дина: Басшылар үшін команда ретінде тиімді жұмыс істеудің маңыздылығы мен құндылығын көрсету өте маңызды. Байланыстың мақсаты туралы белсенді түрде ойлану, фактілерге сүйену, жұмысты бағалау және барлығына тиімді шешімдерді табу.

Маурисио: Мен әрқашан қайта оралатыным - алдыңғы қатардағы қызметкерлер - сарапшылар. Сондықтан қандай да бір мәселе туындаған кезде барып, оның шешімін айтамыз. Егер мен идея әкелсем, олардан бұл жұмыс іске аса ма деп ойларын сұраймын және егер олар проблеманы көрсе, маған хабарлауға шақырамын. Ашық болу маңызды, осылайша олар да солай істей алатынын біледі және менің оларға қандай да бір нәрсені орындауға нұсқау беріп жатқанымда проблеманы көретінін айта алады.



Қызметкерлер арасындағы қарым-қатынасты жақсартудың жолдары қандай?

Майкл: Жақсартуға арналған мүмкіндіктер әрқашан да бар. Әр адам әртүрлі қарым-қатынас жасайды және аудиторияңызды бағалау және сәйкесінше қарым-қатынас жасауды үйрену тәжірибені қажет етеді. Мен жиі қайталайтын бір

фраза, әр адам айтқанын сол кезде мағынасы бар себептермен айтады. Сондықтан, егер сіз біреудің нәліктен осы сауалды көтеріп жақтанын түсінбесеңіз, ол адамның көзқарасын түсіну үшін тереңірек қарауыңыз/бақылауыңыз керек болады.

Дина: Бұл шынымен де біз істеп жатқан нәрсеге негізделу. Біз жақсы қарым-қатынас орнатамыз; ашық, екі жақты байланысты сақтау; және ұсыныстар мен пікірлерді тыңдау. Бұл тұрақты кездесулер мен тренингтер арқылы қызметкерлер арасында жағымды қарым-қатынас орнатуға көмектеседі, осылайша олардың бір-бірін тану және түсіну мүмкіндігі бар.

Маурисио: Біз шынымен команда ретінде жұмыс істеп жатқан нәрсенің бірі - қиын жобадан немесе тапсырмадан кейін не жақсы болды, не болмады және келесі жолы нені басқаша істеу керек екенін сұрау үшін тексеру керекпіз. Мен де олардың маған сенім артып және дұрыс деп санайтын нәрсені айтудан қорықпағандарын қалаймын. Көбіміз болмашы идея ұсынып күлкіге қалудан қорқамыз, бірақ бұл адамдар мәдениетті және сауатты тұлғалар, біз қателіктер арқылы үйренеміз, сондықтан мен олардың айтқандарын қалаймын.



Same Track сандық нұсқасындағы Менеджерлер дөңгелек үстелінің бейнесін осы жерден қараңыз.

Ұнтақты және сым лотоктарын құрастыру цехының тобы



Жетістікке жету жолындағы дайындық

Marhowra/Мархорадағы жаңа тапсырыс берушінің тапсырысы бойынша жауапты басқаратын қызметкерлер қауіпсіздік, сапа және жеткізу мақсаттарына жету үшін ынтымақтастықты қалай нығайтып жатқандарымен бөліседі.

Тұтынушының жаңа тапсырысына дайындалу үшін сіздің командаңыз не істеп жатыр?

Шивам: Біз әзірлеуші топтарымен ынтымақтасамыз: өнімді әзірлеу, өндірістік технология және жоспарлау және кесте түзу. Біздің бірінші қадамымыз - тұтынушы кестесін картаға түсіру және өндірістік ресурсты жоспарлауды жүргізу.

Джаянт: Біз сондай-ақ ұзақ уақыт бойы жеткізілетін бөліктерді анықтаймыз және жеткізушінің техника сапасы (SQE) арқылы (NPI) әрекеттерін бастаймыз. Біз инженерлік материалдар тізімі (EBOM), өндіріс бөлігін мақұлдау процесі үшін жеткізушінің техника сапасы (SQE) (PPAP) және бөлшектерді әзірлеуге көз жеткізу үшін маңызды кезеңдерді салыстыратын (PFEP) парағын дайындадық.

Маниш: Біз тапсырысты орындау жөніндегі топ, SISCO және басқару кеңесінің командаларымен жұмысты үйлестіруді күшейттік және келтіру нүктесіне сәйкес жеткізуді қамтамасыз етеміз. Сонымен қатар, бізде P&E үшін бюджеттік жоспарлау бар және біз MS Project бағдарламасындағы жобаны жоспарлаушы мен шлюзді бақылауға сәйкес аяқтау әрекеттерімізді сәйкестендіріп жатырмыз.

Рохит: Біз сондай-ақ әрбір процестің стандарттарға сай болуын қамтамасыз ету үшін сапаны бақылаудың қатаң шараларын енгіздік. Сәтсіздік режимдері талданды, SOD әзірленді, PPAP іске қосылды, PFMEA және бақылау жоспарлары әзірленді. Қалыптан тыс ақаулар MDR және PCR арқылы жойылады.

Миджанур: ҚТЕЖҚОҚ тұрғысынан біз тұтынушы талаптары, тәуекелдерді бағалаймыз және нормативтік талаптарға сәйкес келетін қауіпсіз жұмыс ортасын қамтамасыз етеміз.

Джей Пракаш: Біз команда ретінде зауыттың орналасуын өзгерту, жолды өзгерту, жаңа жабдықты орнату, қатаң мерзім және ұзақ уақытта жеткізу тізбегінің позициялары сияқты көптеген қиын мәселелерді шештік. Сайып келгенде, мұның бәрі өндіріс процесін дамыту мен жетілдіруде маңызды рөл атқарды. Біздің әртүрлі командалар арасындағы тиімді үйлестіру, тұрақты кездесулер және нақты байланыс арналары осы міндеттерді шешуде маңызды болады.



Shivam Soni
Шивам Сони

Инженер-технолог және конфигурацияны бақылау жөніндегі менеджер



Jayant Singh
Джаянт Синх

Тапсырысты орындау жөніндегі менеджер



Manish Agarwal
Маниш Агарвал

Материалмен жабдықтауды жоспарлау және өндірістегі жұмысты орындаушы менеджер



Rohit Kumar
Рохит Кумар

Сапа жөніндегі техникалық маман




Mijanur Hassan, MD
Миджанур Хассан

ҚТЕЖҚОҚ (қауіпсіздік техникасы, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау)



Jay Prakash Gupta
Джей Пракаш Гупта

Өндіріс инженер-технолог



Бұл тапсырысқа дайындалу үшін әртүрлі командалар қандай үйлесімді қажет етеді?

Manish: Әзірлеуші топ ретінде біз барлық әрекеттерді үйлестірдік. Біз орындалу барысы мен міндеттерін талқылау үшін тұрақты бөлім аралық отырыстарды ұйымдастырып тұрдық. Жоспарлау тобы EBOM және MBOM аяқтау үшін Design Engineering және Конфигурацияны басқару тобымен тығыз жұмыс істейді.

Шивам: Сонымен қатар, біздің инженерлік және жобалау топтары техникалық сипаттамалар мен дизайн элементтері бойынша ынтымақтасуда. Тұтынушының талаптарын сақтау біз үшін басты басымдық болып табылады. Сондай-ақ, бізде жаңа процестерді және JVC цехында бірінші локомотив құрастыру үшін олардың қолжетімділігін талқылау үшін жаһандық технологиялар трансферті бағалаушыларымен (TTAs) апта сайынғы байланыс орнатылады.

Джаянт: Жеткізу тізбегі жағында орындау, Sourcing және жеткізушінің техника сапасы (SQE) қажетті материалдарды қамтамасыз ету және логистиканы басқару үшін жеткізушілермен жұмыс істеп, кідірістердің болмауын қамтамасыз етеді.

Рохит: Сапаны бақылау және ҚТЕЖҚОҚ жүйесімен тығыз жұмыс жасай отырып, дизайнды енгізу және компоненттерді өндіру. Тұрақты тексеріс және үздіксіз кері байланыс циклдары бізге жақсартуға көмектеседі.

Джей Пракаш: Біздің команда проблемаға қарсы шара (PCM) кездесулерін ұйымдастырды, материалдармен жабдықтауды жоспарлады, R&E сапасының дайындығын бағалады және барлық қиындықтарды жүйелі түрде еңсерді.

Миджанур: Негізгі мүдделі тараптар арасында нақты байланыс арқылы дұрыс уақытта дұрыс шешімдер қабылдау. Әртүрлі командалар мен учаскедегі тиімді қарым-қатынастың табысқа жетуі жақсы көрсеткіш.



Неліктен жаңа тұтынушының тапсырысы соншалықты маңызды?

Джаянт: Жаңа тапсырыс нарықта стратегиялық кеңеюді білдіреді. Бұл болашақ бизнестің өсуіне және ұзақ мерзімді серіктестікке мүмкіндіктер ашады. Тапсырыс Wabtec-ті саланың көшбасшысы ретінде көрсететін озық технологиялар мен инновациялық дизайн шешімдерін ұсынады. Бұл біздің саланы ілгерілетуге деген адалдығымызды көрсетеді.

Миджанур: Жаңа жобаны жүзеге асыру біздің өндірістік әлеуетімізді арттырып, тұтынушыларымыз арасындағы сенімділікті арттырады. Сондай-ақ бұл біздің қызметкерлердің кәсіби дамуын қамтамасыз етеді.

Топ: Біз жаңа жоба әрқашан Wabtec учаскесінде өз біліктілігімізді көрсету мүмкіндігі деп санаймыз. Бұл қолда бар ресурстарды жүйелі және тиімді пайдалану арқылы жақсартылған сапалы өнімдерді жеткізуге біздің міндеттемеміздің айғағы. Біздің мақсатымыз – 100% уақтылы өнімді жөнелтуге қол жеткізу, сапа мен қауіпсіздікке нұқсан келтірмей, белгіленген мерзімде орындауды қамтамасыз ету, әр команданың бірлесу жұмыс істеуі.

